

**"Сарысу ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 маусымдығы № 5-5 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 қыркүйектегі N 9-6 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 қазанда № 1828 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 25-23 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 25.12.2013 № 25-23 шешімімен. Р Қ А О ескертпесі :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 2-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. «Сарысу ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 маусымдағы № 5-5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-9-140 болып тіркелген, 2012 жылғы 21 шілдедегі № 63 аудандық «Сарысу» газетіне жарияланған) келесі **т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :**

Аталған шешіммен бекітілген Сарысу ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларының 3 тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен және 3-1 тармақпен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н :**

«3-1) жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнына;»

«3-1. Сарысу ауданында тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу үшін жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік

сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге жеткізуші ұсынған шот бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.»

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*  
*сессиясының төрағасы*  
*Т. Оразбаев*

*Б. Дондаұлы*

*Аудандық мәслихат*  
*хатшысы*